

1-жаттығу. Мәтіндегі кәсіби сөздерді тауып, іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданып, 10 сөйлем жазыңдар.

2-жаттығу. Мәтінді өз сөздеріңізбен жалғастырыңыз.

Енді бірде скважина аузы опырылып кетті. Шыңыраудан шыңғыра шапшып, жөңкіле лықсыған жал- жал бұйра толқын жер бетіне шыққан соң арыстандай өкіре, тіп-тіке аспанға шаншылды да, мұнара маңын самаладай жайнатқан көп прожекторды көме нөсерлетіп, тулап, бұлқынып, булығып, қайтадан кері құлап түсіп жатты. Смена адамдары фонтанды скважина аузына арматура орнатпақ боп әуре-сарсаң, кейбіреулері селдеткен қара көк тасқынға кіріп-кіріп кетеді. Енді біреулер кезек-кезек привинторға жүгіреді, привинтор тұтқасын екеу-үшеуі қосыла жабылып бұрайды. Тұтқа сіреседі, қозғалмайды. Амалы құрыған бір-екі адам бір-біріне ажырая қарап, айқайласады: – Тұтқа неше рет бұралды? – Жиырма рет. – Алты айналымы кем. Айттым ғой, кондукторды газ бұзып өткен. Фонтан өрши түсті. Қарақошқыл қою бұрқақ бірден бірге жалданып, биіктей берді. Мұнара маңы қолма-қол мұнай теңізіне айналып барады. Шоқтығына қол тимеген асау тәрізді.

3-жаттығу. Елімізде мұнай өндіру қалай жүзеге асатыны туралы мәлімет жинаңдар. 6. Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар. Екі топқа бөлініңдер: 1-топ – журна листер; 2-топ – мұнай өндірушілер.